



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

Бекітілді
ғылыми кеңес отырысында
Қазақ спорт және туризм академиясы
№ 10 Хаттама "26" 05 2023 жыл
ГК төрағасы, Президент, профессор
Закирьянов К. К.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Атауы, коды 7М01401 - "Дене шынықтыру және спорт»

Дайындық деңгейі: магистратура (ғылыми-педагогикалық бағыт)

Білім беру саласының коды және сыныптамасы	7М01 - Педагогикалық Ғылымдар
Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі	7М014 – Жалпы дамудың пәндік мамандануымен педагогтарды даярлау
Білім беру бағдарламаларының тобы	М005 – Дене шынықтыру педагогтерін даярлау
Білім беру бағдарламасы	7М01401 – «Дене шынықтыру және спорт»



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР/ РАЗРАБОТЧИКИ / DEVELOPERS

П.ғ.д., гимнастика және жүзу кафедрасының профессоры / д.п.н.,
профессор кафедры гимнастики и плавания /
Doctor of Pedagogical Sciences, professor of the department of
gymnastics and swimming

Жуманова А.С.

Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректор / Проректор
по науке и стратегическому развитию Vice-rector for Science and
Strategic Development

Шалабаева Л.И.

PhD докторы, жеңіл атлетика және қысқы техникалық спорт
түрлері кафедрасының доценті / Доктор PhD, ассоциированный
профессор кафедры легкой атлетики и зимних сложных
технических видов спорта / Doctor PhD, associate professor of the
department of athletics and winter complex technical sports

Авсиевич В.Н.

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ/ПРЕДСТАВИТЕЛИ СТУДЕНЧЕСТВА /
STUDENT REPRESENTATIVES**

«Студенттер Альянсы» Студенттік өзін-өзі басқару органының
төрағасы/ Председатель органа студенческого самоуправления
«Альянс студентов» /Chairman of the student self-government body
"Alliance of Students"

Абдикеримқызы М.

КЕЛІСІЛДІ/СОГЛАСОВАНО/AGREED

ОБ жетекшісі/ Руководитель УУ/Head of educational department
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөлімінің жетекшісі /
Руководитель отдела послевузовского образования и карьеры / Head of
Postgraduate Education and Career Department

Тулегалиева С.С.

Кафедра меңгерушілері:/ Зав.кафедрами:/ Head of departments:

Күрес және Ұлттық спорт түрлері кафедрасы / Кафедра борьбы и
Национальных видов спорта/ Department of Wrestling and National Sports
Анатомия, физиология және спорт медицина кафедрасы/ Кафедра
анатомии, физиологии и спортивной медицины/ Department of Anatomy,
Physiology and Sports Medicine:

Дошыбеков А.Б.

ДМжС теориялық негіздері кафедрасы /Кафедра теоретических основ
ФКиС/ Department of Theoretical Foundations of Physical Culture and Sports.
Футбол кафедрасы/ Кафедра футбола/ Football Department:

Кисебаев Ж.С.

Жеңіл атлетика және қысқы күрделі техникалық спорт түрлері
кафедрасы/ Кафедра легкой атлетики и зимних сложных технических
видов спорта/ Athletics and winter complex technical sports:

Белегова А.А.

Бокс, ауыр атлетика және шығыс жекпе-жек кафедрасы/ Кафедра бокса,
тяжелой атлетики и восточных единоборств / Department of boxing,
weightlifting and Oriental martial arts

Хайдаров Х.С.

Унтаев Х.К.

Қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасы/Кафедра казахского, русского и
иностраннных языков/ Department of Kazakh, Russian and Foreign
Languages:

Ахмадиев Т.М.

Спорттық ойындар кафедрасы/ Кафедра спортивных игр/ Department of
Sports Games

Болтаева Г.А.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы/Кафедра социально-
гуманитарных дисциплин/ Department of Social and Humanitarian
Disciplines:




Кефер Н.Э.

Ибраимова А.А.



КАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM



КЕҢЕСШІ - ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР / КОНСУЛЬТАНТЫ – РАБОТОДАТЕЛИ
/ CONSULTANTS - EMPLOYERS


Мекеме/Организация	Қызметі/должность	Аты жөні/ФИО
Алматы Технологиялық Университеті / Алматинский Технологический Университет / <i>Almaty Technological University</i>	«Дене шынықтыру» кафедрасының меңгерушісі / заведующая кафедрой «Физическое воспитание» / <i>Head of the Department of Physical Education</i>	 Маишкова В.Л. 
С.Д. Асфендиярова атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті / Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова / <i>Kazakh National Medical University named after. S.D. Asfendiyarova</i>	Кафедра меңгерушісі / заведующая кафедрой / <i>Head of the Department</i>	Фадеева О.Ю. 



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ЭКСПЕРТТЕР/ ЭКСПЕРТЫ / EXPERTS

Мекеме/Организация	Қызметі/должность	Аты жөні/ФИО
Қ.Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы/ Казахская национальная академия искусств им. К.Т. Жүргенова/ Kazakh National Academy of Arts named after K.T. Zhurgenova	п.ғ.к., кафедра профессоры «Сахналық пластика және дене тәрбиесі»/ к.п.н., профессор кафедры «Сценическая пластика и физическое воспитание» / candidate of pedagogical sciences, professor of the department "stage plasticity and physical education"	 Михайлова С.Н.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті / Казахский национальный педагогический университет им. Абая / Abaya National Pedagogical University	Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры / Директор института искусств, культуры и спорта / Director of the Institute of Arts, Culture and Sports	 Искаков Т.Б.





ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORTS AND TOURISM

Білім беру бағдарламасы факультеттердің ОӘБ отырыстарында қарастырылған және ұсынылған:

20²³жылғы «16» 03 № 8 хаттама

ОСФ ОӘБ төрағасы

20²²жылғы «16» 03 № 8 хаттама

КСЖЖЖФ ОӘБ төрағасы

Сауров Р.Т.

Конакбаев Б.М.

ҚазСТА ОӘК отырысы

20²³ жылғы «26» 04 № 6 хаттама

ҚазСТА ҒК шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**

20²³жылғы «26» 05 № 10 хаттама



МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

I БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 7M01401 – "Дене шынықтыру және спорт" білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

1.2 7M01401 – "дене шынықтыру және спорт" ОП түлегінің кәсіби қызметінің мазмұнын, саласын, объектісін, пәні мен функцияларын сипаттау»

II БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Білім беру бағдарламасының ПАСПОРТЫ

2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері

2.3 Пәндер туралы мәліметтер

2.4 Білім беру бағдарламасы түлегінің құзыреттілік моделі

III БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН СҮЙЕМЕЛДЕУ

3.1 Материалдық-техникалық ресурстар

3.2 Білім беру ресурстары (оқу-әдістемелік қамтамасыз ету)

IV ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ТҰЛҒАЛАР ҮШІН БЕЙІМДЕУ

V 7M01401 – "ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ" БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ»



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы	«Білім туралы»
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 04.04.2023 № 145 бұйрығымен.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы, Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 19.01.2023 № 21	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 4 мамырдағы № 601 бұйрығына 1-қосымша	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ дамыту жөніндегі әдістемелік нұсқаулары.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 10 сәуірдегі No 467 бұйрығына 1-қосымша	Реестрге білім беру бағдарламаларын енгізуге өтінімдерді беруге арналған пайдаланушы НҰСҚАУЛЫҒЫ
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 10 сәуірдегі No 467 бұйрығына 2-қосымша	Реестрге білім беру бағдарламаларын жаңартуға өтінімдерді жіберуге арналған пайдаланушы НҰСҚАУЛЫҒЫ
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы	Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

	білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді	"Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптаушы (бұдан әрі – кадрларды даярлау бағыттарының сыныптаушы)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын сыныптау мен кодтауды белгілейтін және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдаланылатын құжат;
Білім беру бағдарламаларының тізілімі	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын ақпараттық жүйе
Қолданыстағы білім беру бағдарламасы	Даярлау жүзеге асырылған және ЖОО-да жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандардың кемінде бір бітіруі жүргізілген ЖОО-ның білім беру бағдарламасы
Жаңа білім беру бағдарламасы	Тізілімге енгізілгенге дейін ЖОО-да кадрлар даярлау жүзеге асырылмаған білім беру бағдарламасы
Инновациялық білім беру бағдарламасы	Қазақстан Республикасында баламасы жоқ ЖОО-ның білім беру бағдарламасы алғаш рет қолданысқа енгізіледі
Білім беру бағдарламасы	Оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені
Дескрипторлар	оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеуді аяқтағаннан кейін білім алушылар алатын білім, білік, дағды мен құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы
Құзыреттер	Оқу процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті
Оқу нәтижелері	Білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалау мен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар
Жоғары білім сапасы	Білім беру нәтижелерінің, дайындық процестері мен институционалдық жүйелердің қоғамның, мемлекет пен жеке тұлғаның өзекті мақсаттары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтитын жоғары білімнің көп өлшемді сипаттамасы
Пәнаралық тәсіл	Бір немесе басқа құбылысты қарастырудан тұратын ғылыми дүниетанымды кеңейту әдісі, кез-келген ғылыми пән шеңберімен шектелмейді
Модульдік білім беру бағдарламасы	Білім алушылардың белгілі бір дәреже және/немесе біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы
Білім беру бағдарламасының модульдік құрылысы	Оқыту мақсаты ретінде білім алушының кәсіптік құзыреттерінің жиынтығы болатын оқу процесін ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын айқындау арқылы кәсіптік оқыту мақсатына қол жеткізу құралы
Үлгілік оқу бағдарламасы	Мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің оқу құжаты
Оқу бағдарламасы	Әрбір оқу пәні, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағдылар мен құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама
Оқу жоспары	Тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу пәндерінің, оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практиканың, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

Міндетті компонент МЖМБС белгілеген және студенттер міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі	Міндетті компонент МЖМБС белгілеген және студенттер міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
ЖОО компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖОО дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Таңдау бойынша компонент	Пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушылар өз бетінше таңдайтын жоғары оқу орны ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Магистратура	Кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі
Докторантура	Білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім
Еуропалық трансферт (аударым) және кредит жинақтау жүйесі (ECTS)	Білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстырған кезде білім алушылар игерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есепке алу олардың көмегімен жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) сынақ бірліктерін (кредиттерді) беру тәсілі



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚазСТА	Қазақ спорт және туризм академиясы
ББ	Білім беру бағдарламасы
БЖСМ	Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
ЖБП	Жалпы білім беру пәні
МК	Міндетті компонент
БП	Базалық пән
БП	Бейінді пән
ТК	Таңдау компоненті
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
МКБПБ	Міндетті компоненттің базалық пәндер блогы
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ТК	Таңдау компоненті
ОӘӘ	Оқу-әдістемелік әдебиет
ЖЕЖ	Жергілікті-есептеу желісі
ҒЗИ	Ғылыми-зерттеу институты



*ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM*

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КеАҚ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

КІРІСПЕ

Қазақ спорт және туризм академиясының (бұрынғы Қазақ дене шынықтыру институты) тарихы 1944 жылдың 14 қарашасынан басталады. Жоғары оқу орны қызмет еткен жылдары дене шынықтыру және спорт бойынша 30000-нан астам жоғары білікті мамандар даярланды, олардың ішінде 4000-ға жуық спорт шеберлері мен халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, 100-ден астам әлем чемпиондары, КСРО мен Қазақстанның 550 еңбек сіңірген жаттықтырушылары, 200-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттары, еңбек сіңірген мұғалімдер мен халыққа білім беру үздіктері бар.

КазАСТ-тың көптеген түлектері әр жылдары Олимпиада ойындарына қатысып, түрлі номиналдардағы медальдарға ие болды. Академияның мақтаншы оның түлектері - Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері:

Жақсылық Үшкемпіров (грек-рим күресі); Анатолий Колесов (грек-рим күресі); Дәулет Тұрлыханов (грек-рим күресі); Виктор Минеев (қазіргі бессайыс); Валерий Кравченко (волейбол); Нина Смолеева (волейбол); Валерий Рязанцев (грек-рим күресі); Нелли Ким (спорттық гимнастика); Анатолий Быков (грек-рим күресі); Шамиль Сериков (грек-рим күресі); Елена Чебукина (волейбол); Ольга Кривошеева (волейбол); Валерий Люкин (спорттық гимнастика); Владимир Новиков (спорттық гимнастика); Валерий Тихоненко (баскетбол); Евгений Яровенко (футбол); Анатолий Храпатый (ауыр атлетика); Виталий Савин (жеңіл атлетика); Ирина Герлиц (баскетбол); Владимир Смирнов (шаңғы жарысы); Александр Парыгин (қазіргі бессайыс); Ольга Шишигина (жеңіл атлетика); Ермахан Ибраимов (бокс); Бахтияр Артаев (бокс); Бақыт Сәрсекбаев (бокс); Илья Ильин (Ауыр атлетика); Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика); Денис Тен (мәнерлеп сырғанау).

ҚазСТА дене шынықтыру және спорт саласы бойынша ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың танымал орталығы болып табылады. КСРО кезінде Қазифк негізінде ірі Бүкілодақтық ғылыми конференциялар мен симпозиумдар өткізілді. Академия спортшыларды даярлау жүйесінде тау-кен жағдайларын пайдаланумен байланысты проблемаларды әзірлеу бойынша ТМД елдері арасында негізін қалаушы және жетекші жоғары оқу орны болып табылады.

Бүгінде академия-бұл еліміздің заманауи жоғары оқу орны, онда мамандарды сапалы даярлау және педагогикалық ұжымның кәсіби өсуі үшін барлық жағдай жасалған. Академияда үздіксіз білім беру жүйесі жұмыс істейді: колледж – ЖОО – магистратура – докторантура. Оқу процесі кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады.



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM**

Академия "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірлеуші болып табылады. ҚазСТА базасында "Дене шынықтыру және спорт" білім беру бағдарламаларының республикалық оқу-әдістемелік секциясы жұмыс істейді.

2005 жылы Қазақ спорт және туризм академиясы жанынан спорттың ғылыми-зерттеу институты құрылды. Соңғы жылдары ҚазСТА-ның халықаралық беделі айтарлықтай өсті.

Академияда "Заманауи Олимпиадалық спорт және Баршаға арналған спорт" атты Халықаралық ғылыми конгрестер өткізіледі.

Академияның бастамасы бойынша 2009 жылы Дене шынықтыру университеттерінің халықаралық қауымдастығы құрылды, оған 46 жетекші шетелдік университеттер мүше болып табылады, ал оның бірінші басшысы болып ҚазСТА Президенті К.К. Закирьянов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, математика профессоры, Петровск Ғылым және өнер академиясының (Санкт-Петербург қ.), Халықаралық Жоғары Мектеп Ғылым академиясының академигі сайланды.

Академия басқаратын Қазақстандық студенттік спорт жоғары халықаралық деңгейге көтерілді. Академия түлектері-Олимпиада ойындарының чемпиондары (57 медаль, оның 29 - ы-алтын). Академияның студент-спортшылары Қазақстанның студенттік құрама командасының негізін құрайды. Мемлекеттің тәуелсіздігі кезеңінде студенттер Бүкіләлемдік универсиадаларда 28 алтын, 45 күміс және 47 қола медаль жеңіп алды.

2014 жыл Спорт және туризм академиясы үшін мерейтойлық жыл болды. Академияға 70 жыл толды.

2015 жылы ҚазСТА жанында 6D010800 "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беру және қорғау бойынша диссертациялық Кеңес ашылды.

2015 жылдың 2 шілдесінде Оңтүстік Кореяның Кванджу қаласында университеттік спорттың Халықаралық Федерациясы (FISU) Қазақстанды "**Үздік университет**" марапатымен марапаттады.

2019 жылы академия 2024 жылға дейін 5 жылға институционалдық аккредиттеуден сәтті өтті.

Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, халықаралық байланыстарды нығайту Академия қызметінің басым бағыттары болып табылады.

I БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 «7M01401 – Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері еңбек нарығында сұранысқа ие, жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейде кез-келген әлеуметтік-экономикалық



жағдайда кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілетті, дене шынықтыру және спорт саласында жүйелі білімі және кәсіби салада инновациялық технологияларды қолдана алатын жоғары білікті, бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық және жаттықтырушы кадрларды даярлауға бағытталған.

7M01401 – дене шынықтыру және спорт ББ мақсатын іске асыру негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:

- магистрлерді ДШЖС саласындағы жоғары оқу орындары мен ұйымдарда педагогикалық және жаттықтырушылық қызметті кәсіби жүзеге асыру, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда кәсіби ұтқыр және әлеуметтік қорғалған болу қабілетіне кепілдік беретін іргелі инновациялық ғылыми-әдістемелік біліммен қамтамасыз ету;

- докторантурада ғылыми жұмыстар жүргізу үшін қажетті негіз алу және ғылыми зерттеулер жүргізуде ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;

- спорттық дайындықты және дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылардың денсаулық деңгейін кешенді ғылыми негізделген басқаруды қамтамасыз ететін аралас ғылымдар бойынша іргелі білім мен практикалық дағдыларды игеру.

ББ-ның негізгі стратегиялық бағыты жоғары ғылыми-зерттеу әлеуеті, практикалық дағдылары бар, тез өзгертін әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өзінің кәсіби мансабын бейімделуге және шығармашылықпен құруға қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау және сапалы білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады. Мамандық түлектерінің жұмысқа орналасу перспективалары 100% құрайды.

1.2 "7M01401 – Дене шынықтыру және спорт" ББ – түлегінің кәсіби қызметінің мазмұнын, саласын, объектісін, пәні мен функцияларын сипаттау»

7M01401 "Дене шынықтыру және спорт" ББ бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметінің мазмұны» - педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыру және басқару, білім алушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін белсенді меңгеруіне бағдарлану, білім берудің жеке маңыздылығы, бүкіл білім беру процесін білім алушының жеке басына бағдарлау, оның өзін-өзі ашу және өзін-өзі іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету, әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың өз бетінше білім алуы және кәсіптік бағдарлануы үшін қолайлы жағдайлар жасау, дене шынықтыруды оқытудың объективті заңдылықтары мен заманауи талаптарын ескере отырып, жеке кәсіби іс-әрекеттерді жоспарлау.

7M01401 "Дене шынықтыру және спорт" ББ бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби қызмет саласы:

- білім;

- дене тәрбиесі;

- спорт (бұқаралық спорт түрлері, балалар-жасөспірімдер спорты, паралимпиадалық спорт).



- дене шынықтыру құралдарымен халықты сауықтыру.

7M01401 "Дене шынықтыру және спорт" ББ (ғылыми-педагогикалық бағыт) бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметінің объектілері:

- ЖОО-лардың, колледждердің дене тәрбиесі кафедралары, білім беру мекемелері, ЖОО-лар, спорт клубтары;

- мемлекеттік және жеке коммерциялық ұйымдар: департаменттер, комитеттер, агенттіктер, дене шынықтыру және спортты басқару органдары, фирмалар, балалар спорт мектептері, жоғары спорт шеберлігі мектептері;

- ғылыми-зерттеу мекемелері: дене шынықтыру және бұқаралық спорт түрлері саласындағы академиялар, институттар, зертханалар, дене және психикалық денсаулық проблемаларын зерттейтін сауықтыру, оңалту, медициналық-биологиялық, спорт, қалпына келтіру орталықтары.

7M01401 "Дене шынықтыру және спорт" ББ бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметінің мәні дене шынықтыру, дене тәрбиесі, спорттық жаттықтыру, рекреация, оңалту жүйелерін іске асыру бойынша педагогикалық процесс болып табылады.

Кәсіби қызметтің функциялары:

- жоғары оқу орындарында оқытушы ретінде тәрбие, білім беру жұмыстарын жүргізу;

- дене шынықтыру және дене тәрбиесі оқытушысы ретінде тәрбие, білім беру спорттық, ұйымдастыру, білім беру, спорттық, ұйымдастыру-бұқаралық және сауықтыру жұмыстарын жүргізу;

- спорт түрлері бойынша жаттықтырушы ретінде мектепке дейінгі, мектеп және жоғары оқу орындарында, спорт мектептерінде спорт түрлері бойынша топтарда жұмыс ұйымдастыру және өткізу;

- жаттығу процесін ғылыми негізделген жаттығу және оңалту құралдарымен және әдістерімен қамтамасыз ету;

- оқу орындарында, клубтарда, мекемелерде дене шынықтыру және спорт жарыстарын, спорттық мерекелерді өткізу және төрешілік ету;

- дене шынықтыру саласындағы ҒЗИ зертханасының ғылыми қызметкері және спорттағы жоғары жетістіктерді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі әдіскер ретінде ғылыми зерттеулер жүргізу.

II БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН



ТАЛАПТАР

Білім беру бағдарламасының паспорты

№	Аталуы	Ескертпе
1	Білім беру саласының коды және классификациясы	7M01 - Педагогикалық ғылымдар
2	Дайындық бағытының коды және жіктелуі	7M014 - Жалпы дамудың пәндік мамандануымен педагогтарды даярлау
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	M005 – Дене шынықтыру педагогтерін даярлау
4	Білім беру бағдарламасының атауы	Дене шынықтыру және спорт
5	ББ түрі	қолданыстағы
6	ББ мақсаты	7M01401 «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы еңбек нарығында сұранысқа ие, кез келген әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейде кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық және жаттықтырушы кадрларды даярлауға бағытталған. дене шынықтыру және спорт саласындағы жүйеленген білім және кәсіби салада инновациялық технологияларды қолдана білу.
7	ҰБШ бойынша деңгей	7
8	СБШ бойынша деңгей	7
9	Оқыту түрі	күндізгі
10	Оқыту тілі	Қазақ тілі, Орыс тілі
11	Кредиттер көлемі	120 академиялық кредиттер / 120 ECTS
12	Берілетін академиялық дәреже	7M01401 – Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның болуы	АБ №0137383
14	ББ аккредиттеуінің болуы	бар
	Аккредиттеу органының атауы	Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі
	Аккредиттеудің қолданылу мерзімі	24.05.2019-23.05.2024

Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

№	Оқыту нәтижелерінің сипаттамасы	Дескрипторлар
ОН - 1	Ғылыми зерттеу әдістерін, педагогикалық- психологиялық қызмет негіздерін және кәсіби салада өзін-өзі жетілдіру үшін шет тілді білім берудің тереңдетілген коммуникативтік дағдыларын меңгеру.	Д1
ОН – 2	Қазіргі білім берудегі инновациялар мен реформалар, кадрларды даярлаудың көп сатылы үздіксіз жүйесі, жоғары білім беруді және инновациялық жобаларды интеграциялау жөніндегі білімін көрсету.	Д2
ОН – 3	ЖОО-да таңдаған спорт түрі бойынша білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызмет негіздерін, жоспарлау және құжат айналымы әдістерін меңгеру.	Д1
ОН – 4	Дайындық бейіні бойынша өзекті ғылыми-педагогикалық мәселелерді анықтау және оларды анатамо-физиологиялық, медициналық-биологиялық, педагогикалық-психологиялық құралдар мен бақылау әдістерін пайдалана отырып шешу.	Д3
ОН – 5	Психологиялық бақылау әдістерін және қызмет барысындағы тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттеу дағдыларын меңгеру.	Д2
ОН – 6	Ғылыми-зерттеу деректерін өңдеу, есептеулерді талдауға және алынған қорытындыларды негіздеуге арналған эмпирикалық құралдарды меңгеру.	Д4
ОН – 7	Жас спортшылардың жас ерекшеліктері мен дайындығын ескере отырып, жаттығу бағдарламасын әзірлеу және спортшыларды даярлау үрдісінде стандартты емес мәселелерді шешу.	Д4
ОН – 8	Жарыс және жаттығу іс-әрекеті барысында ағзаның бейімделу үдерістерін модельдеу арқылы спортшылар даярлығының ғылыми проблемалары мен оларды шешу тәсілдерін анықтау бойынша кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру.	Д5
ОН - 9	Дене шынықтыру және спорттағы қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және басқарудағы тәуекелдерді талдау және синтездеу.	Д5
ОН - 10	Жоғары оқу орнындағы және спорттағы жұмыстың әдістемелік, ұйымдастырушылық және практикалық негіздері бойынша білімді, іскерлікті және дағдыларды біріктіру.	Д3

2.3 Пәндер туралы мәліметтер



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

Модуль атауы	Модульдің оқыту нәтижелері	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Академиялық сағат тар	Оқыту нәтижелері (ОП)
Негізгі пәндер циклі						
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер модулі	<p>Осы модульді оқу барысында келесі оқыту нәтижелері қажет:</p> <p>-кәсіби салада өзін-өзі жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеу әдістерін, психологиялық-педагогикалық қызмет негіздерін және шет тілінде білім берудің тереңдетілген коммуникативтік дағдыларын меңгеру.</p> <p>- заманауи білім берудегі инновациялар мен реформалар, кадрларды даярлаудың көп сатылы үздіксіз жүйесі, жоғары білім беру интеграциясы және инновациялық жобалар туралы білімдерін көрсету. - тиісті сөйлеу үлгілері мен сөйлеу кәсіби мінез-құлық тактикасын қолдану қажеттілігін түсіне отырып, шет тілін сөйлеу Кәсіби бағытталған қарым-қатынас жағдайларында, Кәсіби шет тілдік ортада қолдануға құзыретті болу.</p> <p>- дене шынықтыру және спорттағы қызметті басқару, жоспарлау және ұйымдастыру тәуекелдерін талдау және синтездеу әдістерін қолдану.</p> <p>- шұғылданушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере</p>	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән арнайы философиялық талдаудың пәні ретінде ғылым феноменін ашады, ғылымның тарихы мен теориясы, ғылым заңдылықтары мен ғылыми білімнің құрылымы, мамандық және әлеуметтік институт ретінде Ғылым туралы, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлі және ғылыми зерттеу жүргізу әдістері туралы білімді қалыптастырады.	4	120	1,2
		Шет тілі (Кәсіби)	Кәсіби-бағытталған пәні тақырып шеңберінде сөйлеу, оқу, жазу және тыңдау біліктері мен дағдыларын жетілдіруге; мамандандырылған әдебиеттермен, энциклопедиялық, түсіндірме және терминологиялық сөздіктермен жұмыс істеу тәсілдерін оқытуға; мамандық бойынша мәтіндерді ауызша және жазбаша аудару дағдыларын дамытуға бағытталған.	4	120	1
		Дене шынықтыру және спорт маркетингі	Пән дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметіне қатысты маркетингтің негізгі технологиялары мен құралдарын, дене шынықтыру-спорт қызметтерін өндіруді жобалау және ұйымдастыру негіздерін (ой, сапа және бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша) ашады. Оқыту барысында дене шынықтыру және спорт қызметтерін тиімді ілгерілету үшін маркетингтік коммуникациялар, баға белгілеу әдістері, нарықты зерттеу және сегменттеу қарастырылады.	5	150	9, 10
		Спорттық іс-шараларды жоспарлау	Пән дене шынықтыру-спорттық іс-шараларды іске асыру процесін Стратегиялық жоспарлау және басқару негіздерін ашады. Оқыту			9, 10



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

	отырып, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.	және ұйымдастыру.	барысында дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар нарығын бағалау әдістері, коммуникациялық әсер ету құралдары, билет бағдарламасы, еріктілермен жұмысты ұйымдастыру, қаржылық қамтамасыз ету аспектілері, іс-шараны таратуды ұйымдастыру қарастырылады.			
Психологиялық-педагогикалық пәндер модулі	Осы модульді оқу барысында келесі оқыту нәтижелері қажет: -кәсіби салада өзін-өзі жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеу әдістерін, психологиялық-педагогикалық қызмет негіздерін және шет тілінде білім берудің тереңдетілген коммуникативтік дағдыларын меңгеру. -ЖОО-да таңдаған спорт түрі бойынша білім беру саласында ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызмет негіздерін, жоспарлау әдістерін және құжат айналымын меңгеру. -дайындық бейіні бойынша өзекті ғылыми-педагогикалық проблемаларды анықтау және оларды психологиялық құралдар мен әдістерді пайдалана отырып шешу. - психологиялық бақылау әдістерін және іс-әрекеттегі тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттеу дағдыларын меңгеру.	Жоғары мектеп педагогикасы	Пән жоғары білім берудің заманауи парадигмасын, Қазақстандағы жоғары кәсіптік білім беру жүйесін, педагогикалық ғылымның әдіснамасын зерделеуге, жоғары мектепте оқытудың кредиттік жүйесі негізінде оқыту процесін ұйымдастыруға, оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық әдістері мен нысандарын, жоғары мектепте жаңа білім беру технологияларын игеруге бағытталған.	4	120	2,10
		Басқару психологиясы	Пән басқару психологиясының теориялық-әдіснамалық негіздерін: басқарудың негізгі әлеуметтік-психологиялық мәселелерін және оларды шешу жолдарын зерделеуге; басқару психологиясы құралдарымен жеке тұлға мен ұжымның маңызды әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын, кәсіби, тұлғааралық және тұлғааралық проблемаларды зерттеу әдістерімен танысуға бағытталған.	4	120	4,5
		Педагогикалық практика	Педагогикалық практика педагогикалық шеберлікті, оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізу дағдысын және іскерлігін дамыту үшін дәрістер, практикалық сабақтар, семинарлар өткізу кезінде оқытушы-ассистент функцияларын орындауға магистрантты даярлауға бағытталған, сондай-ақ магистр даярлау деңгейіне мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттілікке	5	120	



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

			қол жеткізу үшін жағдай жасайды.			
Ғылыми-зерттеу және бейіндік пәндер модулі	<p>Осы модульді оқу барысында келесі оқыту нәтижелері қажет:</p> <p>-дайындық бейіні бойынша өзекті ғылыми-педагогикалық проблемаларды анықтау және оларды психологиялық-педагогикалық құралдар мен бақылау әдістерін пайдалана отырып шешу.</p> <p>- психологиялық бақылау әдістерін және іс-әрекеттегі тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттеу дағдыларын меңгеру.</p> <p>- дене шынықтыру және спорттағы қызметті басқару, жоспарлау және ұйымдастыру тәуекелдерін талдау және синтездеу</p> <p>-ғылыми зерттеу әдістерін, психологиялық-педагогикалық қызмет негіздерін және кәсіби салада өзін-өзі жүзеге асыру үшін тереңдетілген коммуникативтік дағдыларды меңгеру.</p> <p>- Бейімдік дене шынықтырудың әртүрлі түрлерінде жүзеге асыру процесінде негізгі теорияларды, дамытушы (жаттықтыру) іс-әрекеттерді, оның ерекшеліктерін талдау.</p>	Дене шынықтыру мен спорттағы психологиялық бақылау	<p>Пән психологиялық бақылаудың әдіснамалық аспектілерін, психологиялық бақылау әдістерінің сенімділігін, дұрыстығын және өкілдігін, сондай-ақ әртүрлі спорт түрлеріндегі бақылаудың психологиялық ерекшеліктерін ашады. Жаттығу және бәсекелестік процесінің әртүрлі кезеңдеріндегі психикалық дайындықтың негізгі компоненттерін, сондай-ақ спортшының бәсекеге қабілеттілікке психикалық дайындығының негізгі компоненттерін өлшеу әдістерін зерттеу.</p>	5	150	4, 5
		Дене шынықтыру және спорт менеджменті.	<p>Пән магистранттарда дене шынықтыру және спорт саласындағы менеджмент негіздерін меңгеру үшін қажетті ғылыми-әдістемелік базаны қалыптастыруға бағытталған. Оқыту барысында басқарушылық шешімдер қабылдау технологиялары, мемлекеттік және коммерциялық ұйымдардағы менеджменттің ерекшеліктері, мамандарды даярлау жүйесі және персоналды басқару қарастырылады.</p>		150	2, 9, 10
		Дене шынықтыру және спорттағы ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздері	<p>Пән ДШЖС бойынша ғылыми жұмыстар мен магистрлік диссертацияны орындау теориясы, әдістемесі мен практикасының заманауи мәселелері бойынша құзыреттілікті қалыптастыра отырып, ғылыми зерттеудің жалпы әдіснамасы бойынша білім алуға бағытталған. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың жалпы дене дайындығын бағалау үшін дене шынықтыру теориясы мен практикасының және спорттық жаттығудың әртүрлі салаларында өзекті зерттеулерді зерделейді.</p>	5	150	1,3,6
		Ерекше білім беру қажеттіліктері	<p>Пән ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің дене</p>		150	2, 8



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

		бар студенттерді оңалту жүйесіндегі бейімдік дене тәрбиес	шынықтыру және спорттық дайындығын жетілдіру жүйесін тануға бағытталған. Бейімделген спорттың таңдалған түрлеріне әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оңалту мен оқытудың заманауи әдістерін игеру және оларды бәсекеге қабілетті қызметке дайындау.			
Бейімдік пәндер циклі						
Мамандандыру пәндерінің ғылыми-педагогикалық және теориялық негіздерінің модулі	Осы модульді оқу барысында келесі оқыту нәтижелері қажет: - заманауи білім берудегі инновациялар мен реформалар, кадрларды даярлаудың көп сатылы үздіксіз жүйесі, жоғары білім беру интеграциясы және инновациялық жобалар туралы білімдерін көрсету. -ЖОО-да таңдаған спорт түрі бойынша білім беру саласында ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызмет негіздерін, жоспарлау әдістерін және құжат айналымын меңгеру. - ЖОО-да және жоғары жетістіктер спортында жұмыстың әдістемелік, ұйымдастырушылық және практикалық негіздері бойынша білім, білік және дағдыларды интеграциялау.	Ғылыми-педагогикалық жобалау технологиялары	Пән ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жобалау негіздерін, адамдарды басқарудың педагогикалық әдістерінің жүйесін, ғылыми зерттеулердің әдістемелік тәсілдерін, инновациялардың типологиясын, қазіргі жоғары білім берудің дамуындағы инновациялық тенденцияларды, білім беру жүйесін құрудың ерекшеліктері мен кезеңдерін оқытуға, жоғары оқу орындарындағы бағдарламаларды, сондай-ақ магистранттардың ғылыми әлеуетін арттырудың қажетті ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастыруға бағытталған.	4	120	2,3,10
		Таңдалған спорт түрінің теориясы, әдістемесі және практикасы (ЖОО-да және жоғары жетістіктер спортында). Мамандандыру	Пән магистранттардың білімін, дағдыларын, әдістемелік, ұйымдастырушылық және практикаға бағытталған спорттық іс-әрекеттерді қалыптастыруға, университетте және жоғары жетістіктер спортында сабақтар өткізуге, құжат айналымына, таңдалған спорт түрі бойынша ғылыми-педагогикалық қызметті жоспарлауға бағытталған.	5	150	3,8,10
		Дененің таңдалған спорт түріне бейімделу негіздері	Пән дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде спортшылар мен студенттер денесінің бейімделу қабілеттерін басқаруға қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.	5	150	6, 7
	Осы модульді оқу барысында келесі оқыту нәтижелері қажет:	Жасөспірімдер спортының теориялық және	Пән: - жасөспірімдер спорты теориясы мен әдістемесінің негіздері,	5	150	4,7,10



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

Бұқаралық спорттағы спорттық дайындық модулі	<p>- ЖОО-да және жоғары жетістіктер спортында жұмыстың әдістемелік, ұйымдастырушылық және практикалық негіздері бойынша білім, білік және дағдыларды интеграциялау.</p> <p>- жас ерекшеліктері мен дайындығын ескере отырып, жас спортшыларға арналған жаттығу бағдарламасын әзірлеу және спортшыларды даярлау процесінде стандартты емес мәселелерді шешу.</p> <p>- - дайындық бейіні бойынша өзекті ғылыми-педагогикалық проблемаларды анықтау және оларды анатомиялық-физиологиялық, медициналық-психологиялық-педагогикалық құралдар мен бақылау әдістерін пайдалана отырып шешу.</p>	әдістемелік негіздері	<p>- спорт саласындағы ғылыми-әдістемелік қызмет негіздері,</p> <p>- жас спортшылармен жас ерекшеліктері,</p> <p>- жас спортшылардың физикалық қасиеттерін дамыту ерекшеліктері,</p> <p>- жас спортшыларды даярлаудағы педагогикалық бақылау,</p> <p>-арнайы дайындық кезеңіндегі оқу-жаттығу процесінің құралдары мен әдістері.</p>			
		Бұқаралық спорттағы дене шынықтыру-сауықтыру технологиялары	<p>Пәннің мазмұны мыналарға бағытталған:</p> <p>- дене шынықтыру-сауықтыру технологиялары және спорт саласындағы теориялық білімді меңгеру және оларды қазіргі даму кезеңінде интеграциялау жолдары;</p> <p>- гимнастиканың (ГСТ): шейпинг, стретчинг, калланетика, атлетикалық және ырғақты гимнастиканың құралдарын, әдістерін зерттеу, ұйымдастыру және өткізу;</p> <p>- спортшылардың қажетті физикалық қасиеттерін дамыту үшін ГСТ қолдану әдістемесі.</p>	4	120	7, 10
		Гимнастиканың сауықтыру түрлері	<p>Пәннің мазмұны магистранттардың кешенді эсер ететін гимнастиканың сауықтыру түрлері спортшыларының оқу-жаттығу процесінде жаттығуларды қолдануды ұйымдастыру бойынша біліктері мен дағдыларын меңгеруіне; бағдарламаның теориялық бөлімдерін практикада қолдана білуіне бағытталған.</p>	4	120	4, 7
Педагогикалық және медициналық-биологиялық зерттеулер модулі	<p>Осы модульді оқу барысында келесі оқыту нәтижелері қажет:</p> <p>-ЖОО-да таңдаған спорт түрі бойынша білім беру саласында ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызмет негіздерін, жоспарлау әдістерін және құжат айналымын меңгеру.</p> <p>-ғылыми-зерттеу деректерін өңдеуге,</p>	Спорттық адаптология	<p>Пән Жаңа ғылыми бағыттарды— оқушылардың дайындығын бағалау үшін спорттық-педагогикалық адаптологияны; оқу-жаттығу процесін құру әдіснамасын, жүктемелердің орындылығын анықтауға, Бәсекелестік және жаттығу іс-әрекеті кезінде ағзаның бейімделу процесстерін физиологиялық негіздеуге бағытталған.</p>	5	150	7,8,10
		Спортшыларды даярлау жүйесіндегі	<p>Пән деректерді кешенді талдау және биопедагогикалық тестілеу</p>	5	150	3,4,6



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

